

Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10960 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 55-бабының 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

С. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 6 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлтық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 11 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
міндетін атқарушы
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 18-02/164 бұйрығымен
бекітілген

**Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе)
) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

**Ескерту. Бағалары жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар
министрінің 16.05.2023 № 149 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№ п/п	Орман орналастыру жұмыстарының атауы	Бағалар (1 гектар үшін теңгемен) ҚҚС есебінсіз	Бағалар (1 гектар үшін теңгемен) ҚҚС - мен
Дайындық жұмыстары			
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	29,5	33,0
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	21,6	24,2
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	3,5	3,9
Далалық жұмыстары			
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	432,7	484,6
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	299,7	335,7
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	42,9	48,0
Камералдық жұмыстары			
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	155,3	173,9
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	114,3	128,0
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	11,2	12,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК